

ҚАҒАНАҚ СУЫНЫҢ ЭМБОЛИЯСЫ

Серікбай Т.

ҚАҒАНАҚ СУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

- Қағанақ суы немесе амниотикалық сұйықтық ұрықты қоршап жатқан биологиялық орта. Жүктіліктің ағымында қағанақ суы түрлі функционалдық қызмет жасайды, ана-плацента ұрық жүйесінің дұрыс жұмысын қалыптастырады.
- Қағанақ суының мөлшері жүктіліктің мерзіміне байланысты, оның мөлшері бірқалыпты емес. Мысалы, жүктіліктің 10 аптасында қағанақ суының мөлшері орташа 30 мл, ал 13-14 аптада - 100мл, 18 аптада -400 мл-ге тең. Ең жоғарғы мөлшері 1000-1500 мл, жүктіліктің 37-38 апталығында, жүктіліктің сонында оның мөлшері 800 мл-ге төмендеуі мүмкін.

ҚАҒАНАҚ СУЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА:

- Белок, май, микроэлементтер, макроэлементтер, қант, көміртегі, гормондар, ферменттер кіреді, оның құрамында қанның ұю қасиетіне әсер ететін факторлар да бар: тромбопластин, фибринолизин және X, XIII факторлар, сонымен қатар, қағанақ суының коагуляциялық қасиеті бар.



Қағанақ суының эмболиясы
1926 жылы суреттелен.
Қағанақ суы ана қанына:
қағанақ қуығы және плацента
жарақаттанғанда, ұрық қуысы
мен жатырдың веналық
жүйесі аралығында тура
қатынас байланысы болған
жағдайда және қағанақ суы
мезгілінен ерте кеткенде жиі
енеді.



Амниотикалық судың ананың қан тамырына енуіне әсер ететін шарттың бірі- жатыр қусының қысымының бүр арасы қысымынан жоғары болуы. Бұл жағдай көбінесе ретсіз толғақта байқалады, сондықтан қағанақ суының эмболиясы көбінесе шапшаң босануда; Ұзаққа созылған жүктілікте; ірі нәрестеде; нәрестенің жамбаспен орнығуында; қағанақ қуығының мезгілсіз жарылуында кездеседі.

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

- Қағанақ суының эмболиясы көбінде жедел дамиды (босанудың бірінші кезеңінің соңында және екінші кезеңде).
- Ана қанына амниотикалық судың енуі бірден шоктың дамуына әсер етеді.

Дамыған шок тромбогеморрагиялық синдромның 1 сатысы. Егер шок кезінде әйелдің шетінеуі болмаса, 30 минуттан соң коагулопатия дамиды. Осы мезетте жатырдан патологиялық қан шығыны артады.

Жүрек- өкпе жетіспеушілігіне душар етеді(қ/қ катты төмендейді, орталық веноздық қысым көтеріледі);

- Әйел көгереді
- Аяқ-қолдары бүріседі
- Өкпе ісінуі пайда болады.

Диагнозы

Патологоанатомиялық зерттеуден кейін қойылады
(амниотикалық сұйықтық өкпе артериоласында
капиллярында анықталады).

Емі

Тыныс алу, жүрек-қан тамыр, қан ую жүйелерінің
бұзылуларын қалыптастыруға бағытталған.
Әйелге жедел жәрдем көрсетілгеннен кейін, бірден
босандыру қажет.